

### III. Алфавит, орфография, терминология мәселелері

#### ӘЛІППЕМІЗ БҰҚАРАШЫЛ БОЛСЫН<sup>1</sup>

**Төр-аға.** Сөз ж. **Жұбанұлына** беріледі.

**Жұбан ұлы.** – Кенеттен Ж. Омар ұлы туыс негізді емлеге бейімдік көңіл білдіргендей болды. Сондықтан мен емленің тек негізі жайынан ғана сөз қыламын.

Емленің бүге-шігесін мен талдап жатпаймын. Өйткені ол жағын Константин Кузмич Юдахин толық жанап өтті. Күн бұрын біз өзара ойласқан сөзімізді ол кісі айтқан соң, мен оның сөзіне басқа қосарым қалмады.

Бізге туыс негізді (морфология) емле керек пе, дыбыс негізді (фонетика) емле керек пе?

Меніңше, баяндамашы айтқандай, емле негізіне қожа сол тілдің жаратылыс заңы болуы керек. Тіліміздің жаратылысына қарасақ, емлеміз дыбыс негізді болу керек. Әрине ол Шонан ұлы баяндамасында айтқандай дыбыс негізді болу керек.

Бізге дыбыс жүйелі емле неге керектігін Қазақстанның бірінші білім съезінде ең толық түсіндірген адам Омар ұлы еді. Біз туыс жүйелі емле жасасақ та бәрі бір, оның өзі дыбыс жүйелі емлемізден онша басқа болып кетпес еді. Өйткені туыс жүйені сөз негізінде қолданар едік. Сөз негізі бізде өзгермейді де, дыбыс естілуіне сәйкес болады. Жалғауды бәрі бір туыс негізімен жаза алмас едік. Неге десеңіз, жалғауды туыс жағынан әлі ешкім жете білмейді. Жалғауды туыс жүйесімен жазу үшін оның тарихын, бұрын қалай жазылып жүргенін, қысқасы алғашқы түрін білу керек. Жалғаудың қай түрі тұңғыш, қай түрі кенже екенін бұл күнгі тіл білімі біле алмайды. Мәселен «лар» көнерек пе, я «дар» ескірек пе, болмаса «тар» кәрі ме, оны дәлелдеу мүмкін емес.

Сондықтан, профессор Шобан-заданың ұсынысын мен керісінше ұстау керек дер едім. Проф. Шобан-зада: «сөз-негіз дыбыс жүйесінше, жалғау туысынша жазылсын», десе, мен сөз негізі туысынша, жалғауы дыбыс жүйесінше жазылу керек дер едім. Сонда біздің емлеміз мінсіз, әрі жеңіл болады. Себебі сөз түбірі белгілі жолмен кейде болмаса, тіпті өзгермейді. Сондықтан, біздің дыбыс емлеміз бен туыс емлеміздің арасында айырмашылық болмайды деймін. Қопармалы тілдерде бұл екі негізді емлелердің арасы жуықтаса алмайды. Сондықтан сөз тұлғасын бұзбау үшін туыс жүйелі емленің бізге онша керегі жоқ. Бұл жайында баяндамада айтылған.

Проф. Шобан-зада туыс жүйелі емлені жақтағанда көздейтіні – түрік тілдерін біріктіру болса керек. Бұл – жай қиял. Омар ұлы тіліміздің жазба тарихы ұзақ емес деді. Меніңше тіліміздің жазба өмірі, орыс тілімен салыстырғанда да, едәуір ұзақ: жазуымыз ұзақ өмір сүрген. Түріктерде VI–VIII ғасырда жазу болған. Славяндар (орыстардың аталары) X ғасырдан бастап жазулы болған. Орхон жазуын бұлай қоя тұрғанда да, бізге жеткен белгілерге қарағанда, түріктер IX–X ғасырда ойғыр жазуымен жазып біраз кітап қалдырған. Мәселен, «Екі ханзада», «Езгілік және

---

<sup>1</sup> Қызылорда қаласында 1929 жылы шақырылған Бүкілодақтық ғылыми-орфографиялық конференциясының стенограммасынан (үзінді).

жауыздық» деген ертегі ойғыр әліппесімен жазылған. Тілшілер бұл ертегі IX ғасырда жазылған деп ұйғарады.

Сол ғасырдан бері мың жыл ұдайынан біз туыс негізді емле ұстап келеміз. Онан түрік тілдерінің арасы қанша жақындасты.

Жазу арасы жақындау үшін, ол жазу қалың бұқараға жеңіл болу керек.

Қалық бұқара қолына үкіметті ұстағанға шейін, жазу бұқарашыл бола алмады. Ж. Омар ұлы айтқан сияқты жазу тек жоғарғы таптың ғана еншісі болды. Сондықтан ол жазу қалың бұқара арасына сіңе алмады. Қалың бұқара тілін біріктіре алмады. Мұнан былай, жазу бұқарашылданған соң, тілді біріктіруге болады. Бірақ тілдерді біріктіруге болмайды. Адам деген белсенді жануар, адам өз тұрмысын да, тілін де өзгерте алады. Бірақ жалғыз жазумен емес, түрлі шаруашылық-әлеуметтік шарттар арқылы өзгерте алады. Ол шарттар түрік тілдері түгіл барлық адам баласының тілдерін біріктіруі де мүмкін. Бірақ ол қашан боларын ешкім айта алмады. Ол ертерек. Әзір біз туыс жүйелі емлені алсақ, бізде де англичандікі және басқа елдердікі сияқты жазу болады.

Бізде «лар» деген жалғау **-лар, -лер, -дар, -дер, -тар, -тер**, болып жазылады. Ұйғыр әліппесінде көптік жалғауы «а» арқылы **-лар** болып жазылған. Шағатай тілінде **-лір** жазылған. Бері келе анатолы түркі мен татар тілінде де **-лір** жазылған. Бірақ онымен татарлар да, анатолы түріктері де тіл тарамдануынан (диалекті) құтыла алмаған.

Сондықтан туыс жүйелі емлені алсақ та біз я жазуды, я тілдерді біріктіре алмаймыз. Мен де біріккеннен қашпаймын, бірақ өте сақтық керек.

Көптік жалғаудың қазақша төрт түрі бар. Біз оның бәрін тастап жалғыз **лар**-ды ұстап қала алмаймыз, мұнан оқыту жұмысы ауырлайды, сауаттану жұмысы қиындайды. Сауаттану жұмысы тез жүру үшін жазу сөз естілуіне жақын болу керек. Әйпесе «ят» кезіндегі орыстар сияқты емле ережелерін жаттаймыз да отырамыз.

Ж. Омарұлы айтқан сияқты, бұл күнге шейін емле мәселесін тіл мамандары шешіп көрген жоқ. Емлені шешумен келе жатқан тұрмыстың өзі. Өнерлі елдің қайсысының болса да жазуын алып қараңдар. Ірі тіл мамандары болса да, ол мамандар емле мәселесіне аз жәрдем берген. Өйткені бұл күнге шейін тіл ілімі өмірмен байланыспай, таза ілім болып келген. Мұнан былай тіл ілімі жазудың іске асу жағына жәрдем бермеске амалы жоқ.

Араб жазуының негізі тарихи жазу. Ол арабтардың надандығынан емес, араб тілінің қасиеттерінен болған. Арабта тіл ілімі өте шарыққа шыққан. Ж. Шонанұлының көңілі өте құлап кеткен дыбыс жайындағы тіл ілімінің тарауы әлі арабтікін жөнді басып кете алған жоқ. Іріту, еліктіру заңы арабтарға қашаннан белгілі болған. Біздің оқытушыларымыз «ідғам», «ихфа» дегендерді жақсы біледі. Бірақ араб емлесін жасаған арабтың бұл ғылымы емес, өзінің тілі, араб тілінің түбірі үш дауыссыз дыбыстан құралады да, дауысты дыбысқа өте кедей болады. Сондықтан емлесі туыс жүйеге сүйенген.

Енді профессор Вудцетельдің сөзіндегі дауыссыз дыбыс қатар келмейді дегенге тоқталам. Бірақ мұны сәл кейінге қалдырайын. Бірде А. Байтұрсынұлы газетте туыс жүйелі емлеге жуық пікір айтқан сияқты. Ол кісі **-дар, -тар, -дер, -тер** екі түрде **-дар// -дер** болып жазылсын деген. Бұл да «дар»-ды жалғаудың байырғы түрі, дұрыс түрі деген, **-тар// -тер** бұралқы түрі деген қиялдан туған пікір.

Жалғаудың қай түрі үлкен, қай түрі кіші екенін әлі ешкім аша алған жоқ. Біздің алтай тілдері қатаң, ұяң дыбыстарын бұрын айырмаса керек. Мәселен, ұйғыр жазуында **п** мен **б**, **к** мен **г** айырылмаған.

Сондықтан ұйғыр әліппесімен жазған түріктер қатаң дыбыстан ұяң дыбысты айыра алмаса керек. Көп зерттелген бір түрік тілінде бұл әлі бар. Мәселен, шуваш тілінде қатаң мен ұяң дыбыстар айырылмады. Бітеу буында қатаң болған дыбыс, ашық буында ұяңға айналады. Мысалы **үт (ат)**, **ұда (атқа)**. Бері келе қатаң, ұяң дыбыстар жіктеледі. Оның бірі – ерте, бірі – кеш шықты деу дұрыс емес. Біздің емлемізде де екеуінің терезесі тең болуы керек.

Бізге туыс жүйелі емленің келмейтін тағы бір себебі – тілімізді зат есім, сын есім деп сөз мүшелеріне бөлу қиын. Архангельский жолдастың тіл құралын түзеген Кемеңгер ұлы жолдас осылай депті. Біздің тіліміз жалғамалы (агглютинация) тіл, қопармалы күйге жетпеген тіл. Бұлай сатылауға англичан тілі қарсы болса да, англичан тілі қопармалылықтан жалғамалылыққа қайтса да, осы күнгі бір жаңа қисын қопармалы тілді жоғары қояды. Мен осы жаңа қисынды қолдаушыларданмын. Түрікшілдер де біздің тілімізде әлі дербес тұлғасы жоқ сөздер барын көрсетіп отыр. Бұған зат есімнен шыққан сын есімдер айғақ болып отыр. Олар мағынасы аяғындағы дыбысына қарай емес, сөйлемдегі орнына қарай білінеді. Сондықтан тіл құралымызды сөз жүйесі ғана емес, сөйлем жүйесіне де қоса құру керек екені байқалады. Тіліміз осындай сатыда тұрған соң емлені сөз жүйесіне құруға болмайды. Бізге ең қолайлысы дыбыс жүйесі.

Енді жолай бөлек-салаққа кідіре кетем. Мен баяндамашының кейбір жаңылысын түзегім келмейді де, баяндамашы тіл маманы болуда дауы жоқ.

Сөз басында дауыссыз дыбыстар қосарланбайды дегенді кеңітіп, буын ішінде дауыссыз қос дыбыс келмейді деу дұрыс. Бұл барлық түрік тілдерінің заңы. Тек дауысты үнді шұғыл болса ғана екі дауыссыз дыбыс қатар келеді. Басқа түріктер екі дауыссыз дыбысты қатар жазса, ол тек емледен. Бірақ «екі дауыссыз қатар келмеу – барлық мешелдеген тілдер белгісі» деу жаңылыс. Араб-жебیرهй тілдерінде үш дауыссыз қатар келеді. Бірақ соңғы кезде олар да асты-үсті қойып айырып жүр, мысалы: **зарыбун – ұру**, **зараба – ұрды**, **зарыба – ұрылды**. Олардың дауысты әріптер жазып жүргенінің өзі дауыстыларды көп сезбегендігін көрсетеді. Н. Е. Вунцетель мұны жетілген тілдің белгісі қылып көрсетеді. Әйтеуір мен солай түсініп қалдым. Түсінуім дұрыс болса, ол кісінің ойына қосылғым келмейді. Өйткені дауыстыға түрік тілдерінен бай тіл жоқ. Жаңада ғана өзбектер 18 дауысты дыбыс аламыз деп дауласқан. Олар түрік тілдері жетілген тілдер болады дейді. Бодуэн-де-Куртене де солай деген.

Мен қопармалы тіл, жалғамалы тілден жетіліңкіреген деген ойға қосылам. Бірақ жалғамалы тілдің дыбысқа бай екендігін мойындамасқа болмайды. Осы күнгі бір жаңа қисынның айтуынша әуелі қоспа дыбыстар шыққан. Сонан олар жіктелген. Ең соңынан дауыстылар шыққан. Сондықтан буында дауыссыздар қатарланып келуі ескінің мұрасы деп қарау керек.

Осымен сөзімді тоқтатам.

## ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ЕМЛЕСІН ӨЗГЕРТУ ЖАЙЛЫ<sup>1</sup>

Тілдің ілгері басып өсуі үшін оның емлесі мен термин мәселесі дұрыс шешілмей болмайды. Болмайтын себебі сол: өркендеп алға барған тілдің түрлі тарауының бәрі де сол емле, терминологиямен сабақтасады да отырады. Тілдің әліппіінен бастап, жоғары сатысына жеткенше ілім-техниканың не бар игілігін сөзбен айтып, ашып бере аларлық дәрежеге жетудің өзі де емле мен терминологиядан аулақ болмақ емес. Емле мен терминологияның қызметі сол қалың еңбекшінің қолын мәдениетке жеткізу болады да, ондай кезде емле мен терминологияның мәні әсіресе зор болады.

Сүйтіп, байтақ бұқараның білімге, мәдениетке қолын осы емле мен терминологияға жоламай жеткізуге болмайды. Кезінде ағылшынның емлесін сынап, Энгельс былай деген:

«Ағылшын емлесінің шатақтығы сондай, оқи білу деген ілуде біреудің ғана қолынан келетін бір қиын өнер де, ол өнерге жету үшін көп уақыт, көп еңбек сарп етіп оқу керек; солай болған соң жұмысшы табының надандықтан құтыла алмауы табиғи қалып болмақ. Жаза білу деген тек азғантай ғана адамның қолынан келеді, емлеге келтіріп жазуды көп оқыған адамдардың да көбі білмейді» (Маркс пен Энгельстің II томы, 403-беті).

Энгельстің бұл айтып отырғаны – Англия мен Американың үстем тілінің емлесі; буржуаз Англия мен Американың билігі буржуазия табының қолында тұрған кезде буржуазия мәдениетінің маңдай алды Англия, Америка сықылды елдерде о сықылды шиеленіскен шатақ емленің сондай ілгері мәдениетпен сиысуы жөн болса да, – еңбекші бұқараның ілгері басуы мүлде ақылға сыймайтын қалып болмақ.

Сондықтан, емленің жалпы ережесіне көнбей бөлек жайылатын оқшаулықтарды көбейтіп, тілдің шын қалпына жанаспайтын «академиялық» ережелерді аңдатып, емлені шатыстырып, қиындату дегенді ауызға алмайтын болуымыз керек. Сондықтан, кейбіреулердің ағылшын емлесін бетке ұстап, емленің қиындығы мәдениеттің көркеюіне бөгет болмайды, дегені де, А. Бөкейханұлының: – Жапония емлесіндей жаман емле жоқ, бірақ Жапония сол емлесімен-ақ өнер-мәдениетін Еуропа елінің деңгейіне жеткізді» («Еңбекші қазақ», 1924 ж.) дегені де қисынға келмейді.

Жапон жазуының негізі иероглиф (сөз басы бір таңба) бола тұрып, бірқатар сөздің буын-буынында таңбалайтын жолы бар; сондықтан оның жазуы Бөкейханұлы айтқандай, ең жаман жазу болмағанмен, шатағы көп, қиын жазу. Ол, ол ма, әр ұлтының әдеби тілі бір ғана тіл болса, Жапонияның әдеби тілінің өзі бірнеше де, әр қайсысының жазуы да әр түрлі, өздері біріне бірі жалғаса қиындай береді.

Бірақ емленің жеңіл болуы керек дегенді әр түрлі түсінуі мүмкін. Емленің ережесі, әйтеуір, аз бола берсе, әсіресе, ережеге келмейтін оқшау қалыптары, әйтеуір, аз бола берсе, емле сонда ғана жеңіл болады деп жору мүмкін.

Ереженің саны неғұрлым аз болса, оны үйреніп алудың да оңай болатыны рас. Ережеге келмейтін одағай қалыптар аз болса, онан емленің оңайлайтыны да

---

<sup>1</sup> Мақала «Мемлекеттік терминкомның бюллетенінде», (1935-ж., № 4-санында) жарияланған.

рас. Бірақ ереженің саны да, ережеге келмейтін одағайдың саны да азая келе, өзінің тиісті шамасынан мүлде кеміп кетсе, онда ол сықылды «жеңілдік» жеңілдік болмақ емес.

Ереженің санының аз болуы, емлеге керек ережелердің ол санның ішіне түгел кірмей қалғандығынан болса, ережеге жатпайтын одағайлардың аздығы да, өзінің санымен аз болғандығынан емес, бірқатарының еленбей, ескерусіз қалғандығынан болса, олай болған күнде онан емле жеңілденбейді, қайта қиындай түседі, сол сықылды тым артып кетсе, тілдің емлесі жазуды бір ізден шығаратын емле болудан да қалады, емлеге келтіріп жазу деген мүлде болмайтын боп шығады.

Қазақ тілінің 1929 жылы бекіген емлесі нақ осындай күйде. Бір көруге оп-оңай. Таза қазақша сөздің емлесіне арналған ережесінің саны 12-ақ, терминнің жазуына арналған ереженің саны 18. Емле осы сықылды «жабайы» болған соң, дұрыс жаза білу оп-оңай болу керек еді, жұрттың бәрі де дұрыс жаза алатын болу керек еді. Бірақ, шынында олай емес: жұрттың бәрі де дұрыс жаза алмайтын болып отыр.

Кейбір сөздер, мәселен, тұрмыста ең көп айтылып, көп жазылатын сөздердің бірі – «коммунист» деген сөз 16 түрлі боп жазылады, сонда о сөздің ішіндегі әріптерінің саны да оған жетпейді. Оны біреулер «кәмөнес» деп жазады, біреулер «кәмунис» дейді, тағы біреулер «кәмунис» деп жазады, әркім өзінше жаза береді. Сонда оны солай, әр түрлі жазғандардың әрқайсысының өз жазғаны дұрыс екенін айтатын дәлелінің толықтығы да, дұрыстығы да тепе-тең түсіп, бірін-бірі бұзып кете алмайды. Бірақ сол 16 түрлі жазудың біреуін өзгесінен артық деп табарлық шын дәлел таба алмаймыз. Оны салыстырып санағанда, бірінен-бірін артық не кем деп айтарлық дұрыс критериямыз жоқ, емлемізде оған критерий боларлық ережеміз жоқ. Сондықтан, жаңағы сөздің 16 түрлі жазылғанының 16-сы да дұрыс болғаны секілді, 16-сы да дұрыс емес болып шығады. Міне, емле осы сықылды күйде болған соң, ешбір сөзді дұрыс жазуға болмайды.

«Коммунис» деген сөз қазақтың өз сөзі емес, оның жазуының тұрақты болмауы содан – деп дауласушылар да болар, бар да. Бірақ ол сөз орыстікі де емес, немістікі де емес, сүйте тұра ол орыстікі де, қазақтікі де, немістікі де, тіл-тілдің бәріне бірдей халықаралық сөз, оны, тегін қазып, латынша сөз деген қаншалық қисынды болса, қазақ тілінің өз сөзі деген де соншалық дұрыс болады (Бұл сөздің латыншасы – «Гоммунис», жалпы, көпке ортақ деген мағынада). Қайта құл ұстап, теңдік, ортақтық дегенге мүлде жанаспаған баяғы Рим (латын) елінен көрі қазақ елінің бұл сөзді «менікі» деуге правосы анағұрлым артық.

Шынында, дұрыс жазу деген – қазақтың өз сөздерінің, «таза» қазақша сөздердің ғана правосы болып, емле сонымен ғана тұрып қалмау керек, қазақтың әдеби тілінде кездесетін сөздердің бәрі де дұрыс жазылып, әр қайсысының өзінің меншікті тұрақты таңбасы жазылған түрінен басқаша жазудың бәрі де қате делінетін болу керек; бірақ ол үшін мына сөз «таза» қазақша, мынаның тегі жат деп, сөз-сөздің тегін қазып жатудың қажеті жоқ, тегі қайдан шықса да, бәрі бір, қазақ тіліне кірген сөздің бәрі де қазақтың өз сөзі деліну керек.

«Коммунист» деген сөз тіл-тілдің бәрінде де бар, бірақ оның түбі сол тілдердің ешқайсысының да өзінікі емес; сүйтсе де оны орыс та, неміс те «өз сөзім емес» деп қалай болса солай жаза бермей, тұрақты бір таңбамен ғана жазады.

Міне, қазақ тілінің емлесі де сол сықылды тұрақты болу керек. Жаңағы «коммунист» сияқты мыңдаған сөздің осы күнге шейін ешбіреуі дұрыс жазылмай келеді. Біреуінің де тұрақты таңбасы жоқ, осы күнгі емленің емле болып шығуы 1929 жыл еді, сонан бергі 6 жыл бойы жаңағыдай сөздердің ешбіреуі бір тұрақты түрге түсе алмастан келеді. Енді о сықылды сорақылықтан құтылу үшін ең алдымен сол сорақылықтың түп себебін тауып алу керек.

Әрине, ол себепті әр кім өзінше бүлдіріп жазумен келген «коммунист» деген сөздің өз бойында деуге болмайды. Оны жазушылардың надандығынан да көруге де болмайды, емленің: осылай жазу керек деп, қолға ұстатқан тұрақты жолы болмаған соң, жазушы емленің анархиясынан қайткенде де құтыла алмаған.

Сөйтіп, о сықылды сөздердің тұрақты таңбасының болмауына шын себеп – осы күнгі емленің өзі, бұл емленің бір ережесі: «шет тілдерден кіретін сөздердің – терминдердің емлесі қазақ тілінің фонетикасы мен морфологиясының осы күнгі заңдарынша болу керек, – дейді» (1929 жылғы емле конференциясының стеногр., 139-бет).

Бұл – «қазақ тілінің фонетикасының осы заңдарына» терминдердің емлесін бағындыра берудің түбі шиеленген шатақ болып кететін болған соң, соны көлегелеймін деп, оған: «аса бір керек жерлерде ғана болмаса, жат сөздердің түбірін бұзбай жазу керек...» – деп, бір эклектік бұлтарыс қосқан (сол стеногрмның 140-беті).

Міне, терминдерді осы ережеге келтіріп жазу үшін, жазушы оны әуелі «қазақ» фонетикасының осы күнгі заңына бағындырамын деп бір әуре болады, «аса бір керек жерлерде ғана болмаса, терминдердің түбірін бұзбай жазамын» – деп, екі әуре болады. Сөзді мұндай ережеге келтіріп жазу үшін әр жазушы оны өзінше жазып, әр сөзді өз алдына қиыстыруға тиіс. Өйткені, олардың әрқайсысында өз көзқарасы бар ғой. Сонда біреуі: «коммунист» деген сөзді «кәменес» деп жазғанда оны «керегінше ғана бұзып», қазақ фонетикасының осы күнгі заңына бағындырдым – деп біледі, екінші біреу ол сөзді «кәмүнес» деп жазғанда сол шартқа келтірдім деп түсінеді, тағы біреуі оны «кәмүніс» деп жазғанда ережеге қисынады деп ойлайды. Ереже осының бәріне де өзі жол ашады.

Сонымен, емле әркімнің өзінше жазуын қойдырып, сөз-сөздің таңбасын айнамайтын тұрақты қылып шығарудың орнына, емле жасағанда бұл мақсат еленбегендіктен, жазуда тұрғылықты бір із болмай, қайта теріс «жазғыштыққа» бастап, анархия шығарып отыр.

Емлеміздің бұ сықылды жолсыздығы тек халықаралық терминдер ғана емес, қазақтың өз сөздеріне де тиіп отыр.

Жазуды сыңар езу ультра-фонетик жолымен жазатын болған соң, естілуі әр жолы әр түрлі, кейде болып, кейде түсіп қалып отыратын көмескі дауыстылардың емлесі мүлде шатысып, былығып кетті. Мәселен, бір кісі бір жерде «асра», «жамра», «Ахмет», «көбрек», «ру», «рет», «Абралы» деп, бұ сықылды сөздердің дауысты «ы», «і»-лерін жоғалтып айтатын болса, екінші бір жерде сол кісінің өзі-ақ сол сөздерді «асыра», «жамыра», «Абыралы», «Ахымет», «көбірек», «ұруу», «ірет» – деп те атайды. Соған қарап, емле о сықылды сөздерді қалай жазсаң да еркің дейді, ондай сөздердің жазуына тұрақты жол көрсетпейді, «ойын», «қиын», «ауылы», «шаруа», «алуа» – ларға ұсаған сөздердің айтылуы да, жазылуы да со сықылды: «қойны», «қолы», «шаруа», «алуа» боп келе береді. Әркімнің өзінше

айтатын сөздері болады, әр жерде әр түрлі айтылатын сөздер де толып жатыр; бір кісінің өзі «жұрттың бәрі де» әр жерде әр түрлі қып айтатын сөздер де аз емес; о сықылды сөздердің емлесінде еш тұрақ жоқ, оған қарағанда қазақ тілінің мүлде емлесі жоқ деп түсінуге болғандай. Мәселен, «жана» деген сөз «және», «жәнә» болып та жазылады, «ішкім», «ешкім», «едәуір», «әдәуір», «недәуір», «қарағын» – «қарқын», «шмай» – «шымай» – «шыжбай»; «кербіш» – «керпіш» – «кірпіс», «бибастық» – «бейбастақ» – «би бастық» – «бей бастақ» – «бей-бастық»; «жәнтік» – «жәндік», «шыңара» – «шінара» – «шін-ара» – «ішін ара» – «ішінара», «саржан» – «шажын» – дарға ұсап, әр жолы әр түрлі болып жазылатын сөздер толып жатыр.

1929 жылғы емленің шешпей қалдырған, осы күнге шейін де шешілмей келе жатқан бір мәселесі – түбірі басқа-басқа болғанмен, кірігіп бір мағыналы бір сөз болып кеткен құрамды сөздердің емлесі. Мұндай сөздердің жазуында еш тиянақ жоқ, оны біреулер қоспай, бөлек-бөлек жазады, тағы біреулер арасына сызықша қойып жазады, кейбіреулер қосып, бір сөзге ұсатып жазады. Мәселен, «жарқ қанат» – «жар қанат» – «жарғанат», «қол қабыс» – «қол қабыс» – «қолғабыс», «жарым ес» – «жармес», «иін ағаш» – «иін ағаш», «аш көз» – «ашкөз» – «ашкөз», «жаздың күні» – «жазды күні» – «жазды күн» – «жаздыгүн», «жазғы тұр» – «жазғы тұрым», «бара жатыр» – «баражатыр» – «баратыр» – деп әркім өзінше жаза береді. Бұл сықылды мысалдардың ұшы қиыры жоқ. Осы күнгі емлені мақтап, қазақтың өз сөздеріне келгенде оның еш кемшілігі жоқ, кемеліне келіп, әбден жетіліп болған емле; аздаған кемшілігі болса, тек жат сөздердің жазылуы жағынан ғана болып отыр деп, қазақ тілінің емлесін көкке көтерушілердің мәселеге жете түсінбей, бетінен сапырып, балалық қылық көрсетіп жүргендігі осы мысалдардың өзінен-ақ аян болу керек. Тіл ғылымының емлеге керек бір қатар ірі мәселелерінің 1929 жылы шешілмей, шикі күйінде қалғандығы, 1929 жылғы емледен ол мәселелердің дұрыс шешіліп, тұрақты ереже болып орын ала алмай, елеусіз қалғандығы да осы келтірген мысалдардың өзінен-ақ байқалу керек.

Сөйтіп, осы күнгі емленің бір көрмеге жеп-жеңіл болып отырғаны тілдің емлеге керек мәселелерінің түгел тексеріліп, азғана ереже болып, қорып шыққанынан емес, сол мәселелердің көбінің тексерусіз ұмыт қалып, емледен белгілі ереже болып орын ала алмағандығынан.

Терминдердің емлесіне 1929 жылғы қаулы ойына келген бір аз ғана мәселелерді ереже қылып кіргізді де, ең керек ірі мәселелерді мүлде сөз қылмай ұмыт қалдырды.

Қазақтың өз сөздерінің жазуында да ол емленің кемшілігі аз емес екенін жаңа көрсетіп өттік. Міне, сондықтан, осы күнгі емленің ережесінің аз болуы – тілдің шын қалпын аз ережеге сыйғызып, түгел қорытып шығарғаннан емес, тек есіне түскен қалыптарын ғана ереже қылып шығарып, ең керектерін ұмытып кеткендігінен, елеусіз қалдырғанынан болған соң, емлеге кірген ережелердің бәрі жиылғанда да тілдің емлеге керек мәселелерінің бәрін түгелімен ішіне ала алмайтын болған соң, қазірде емле бір көрмеге оп-оңай сияқтанғанмен, өзі шын емле бола алмай, жазуды мүлде шатастырып, анархия шығарып отыр. Шынында, емле жеңіл болу үшін ереженің саны да, ережеге көнбейтін одағай қалыптардың саны да құр аз болып шығу ғана шарт емес, тілде бар емлеге керек қалыптардың бәрінің түгел тексеріліп, ереже боп, қорып шығуы шарт. Міне, солай қорып

шыққан ереже – өзі барынша аз болып, емлеге керек мәселелердің бәрін де ішіне алатын болса, емле сонда ғана шын емле болады.



# ҚОСАР МА, ДАРА МА?<sup>1</sup>

(ұу, үу, ый, ій-лердің емлесі жөнінен)

Араб әрпін қолданып жүрген кезімізде сөздің басында дауысты дыбыс тұра қойса, жазғанда оның алдыңғы жағына бір «әліп» әкеліп сүйеп, мұны «сүйеу таяқ» деп атаушы едік. Бұл шынында да сүйеу таяқ қана еді. Үйткені дауысты дыбыстың алдынан қойылған «мәтсіз әліп», басқа әріптердей, белгілі бір дыбыстың таңбасы болмайтын-ды. Ол тек – ескі әдеттің нендей оңбағанынан да безіп кетуге батылы бармайтын, шығандап шауып соны жол сала алмайтын, дағды құлы мешеудің көкірегіне демеу, жанына сүйеу болу үшін ғана керек еді. Сонда да сол түкке керегі жоқ сүйеу таяқ араб әліппесін жамап кигенімізден кейін де он бір жыл өмір сүріп, 1924 жылы ғана қазақ жазуының еңсесінен шақ түсті. Кім біледі, сүйеу таяқ сүйретіліп әлі күнге шейін жүрген болса, әлде де оны сүйеу көрген адамдар болған болар еді тағы. Мұндай, сау денеге ауру егетін сүліктерден арылып келеміз-ау, сонда да «ауру қалса да, әдет бірден қала қоймайды» ғой. Біздің жазудың қалған ауруынан қала келе жатқан бір әдет бар, ол – әріп қолданудағы қосар таңбалар: бір дыбысты екі әріп, төрт әріппен белгілеулер: орыс әрпімен жазғанда *су*, *ты*, *ти* болып шығатын сөздерді *суv* («сұу»), *тыj* («тый»), *тиj* («тий») қылып **ұ+у**, **ү+у**, **і+й** қосарларымен таңбалайтын әдетіміз. Бұл ескі аурудың сүлеленіп, созылып келе жатқан бір сарқыншағы ғой; мұның неден ұшынып, қалай пайда болған дерт екенін, кім қандай еммен бұл науқастан арылғанын қысқаша бір шолып өтелік.

## 1. Қосар әріп бізде қайдан басталады?

Араб негізді әліппенің біздің тілімізге үйлесімсіздігін жұрт ерте-ақ сезе бастаған болатын. Қазақ тілінде жазылған қағаздардың қандай ерте кезден қалғандарын алып қарасаңыз да, жазуды дағды қылған адамның ісі болса, онда араб әріптерін қазақ дыбысына шақтау, белгілі бір әріп, белгілі бір таңбаны белгілі орындарда белгілі бір түрде қолданған емле элементтерін көресіз. Мәселен, **с** дыбысының жуан естілетін жеріне *сам*, жіңішке естілетін жеріне *сын* жазатын, **т** дыбысының жуан естілетін *тай*, жіңішкесіне *ти* жазатын. Жуан **з**-ның орнына бірде *зат*, бірде *зай* жазып, жіңішке **з**-нің орнына *зий* жазатын. Тағы-тағы осындай әркім өзінше өз бетімен болса да, көпшілігінде белгілі бір қалыпқа айналған «емле іздеушілік» өте ерте кезден-ақ басталған сияқты. Дауысты дыбысты таңбалаудан осындай стихия түрінде іздену болғандығы сезіледі. Сөйтіп, араб әрпінің кемістігін сезу, мүмкін болғанынша сол әріптердің өзін қазақ тілі дыбыстарына үйлестіру шарасы қалам ұстағандардың арасында көптен қозғалған; теория, проект түрде емес, практикада ертеде қолданылған іс болатын. Беріректе жазылып, басылған бірқатар кітаптарда осы күнгі **ы**, **і** дыбыстарын таңбалау үшін бұлардың өзін әріппен белгілемей, алдындағы дауыссыз дыбыстың әрпінің үстіне үтір қою, осы күнгі **у** дыбысы үшін **уау**-дың үстіне үш нүкте қою, **ій** дыбысын ашып көрсету үшін «аст белгісін» (кәсре) салу, тағы-тағы осындайлар жиі кездесетін болды. Сондықтан, араб әліппесіне Байтұрсынұлы істеген өзгерісті араб әрпін жамаудың

---

<sup>1</sup> Бұл мақала алғаш рет «Мемлекеттік термин комиссиясының бюллетенінің» 1935 жылғы 1-номерінде («Қазақстан» баспасы, Алматы) жарияланған. – *Редакция алқасы.*

басы деп санау – тарихи қате, ол – бұл жөнінде бола келген өзгерістердің сірге жияры, соңы, түйықталып тынған жері деп қана түсіну керек.

Байтұрсынұлы жамап шығарған әліппе мен емле қазақ дыбыстарын жіктеу, таңбалау жөнінде дәлірек, түгелірек болған болса, онда оның өзбетімен тауып шығарған нәрсесі болмайтын-ды. Ильминский, Мелиоранский, Радлов сияқты оқымыстар, Ронгинский, Алекторов сияқты миссионерлер орыс әрпімен таңбалап қазақ әліппесін шығарғанда, осы Байтұрсынұлы «тапты» деп жүрген дыбыстардың бәрі де ашылған болатын-ды. Ахметтен көп бұрын қазақ тілі мен оқу құралдарын шығарғанда, **а** мен **ә**, **о** мен **ө**-лер барын, немесе **с**, **т**-лардың жуан-жіңішкесіне әріп алудың керексіздігін Ыбрай Алтынсариндер Ахметтен үйренбегенді. Егер осы күншығысшылар мен миссионерлер шығарған әліппе болмаған болса, Байтұрсынұлы әліппесі де, кім білсін, қандай болып шығарын. Тіл, әліппе мәселесінің тарихынан түк хабары жоқ кейбір азаматтар, өмірінде Байтұрсынұлының грамматика емлелерін оқып шығып көрмеген, өзі ұқпаған да болса, «ол Америка ашқан жоқ еді» десең, мұның «солақайлық», «демагогия» деп өре түре келетіні бар, бұлардың құлағына алтын сырға!

Байтұрсынұлының араб әрпіне кіргізген өзгерісі – бірқатар әріптердің үстіне үтір, мэт қою (бұл бір), арабтың әмзесін дәйекшілікке алу (бұл екі), қосар әріп енгізу (мұнымен үш). Міне, осы үшеуінің ішінен шынымен Байтұрсынұлы шығарды деуге жарарлығы – қосар әріптер. Үйткені үтір қоюды алдымен Түркияда Шамсиддин Сами шығарған, онан кейін Татарстанда Қаяом Насири, бұның артынан Нади Махсудов осы күнгі біздің **у**, **ү** әріптерінің орнына жұмсаған. Н. Махсудов өзінің жазған кітаптарында да, «Юлдуз» дейтін газетінде де «үтірлі уауды» үзбей отырған. Мэт пен әмзе таңбаларын да жуан **а** мен жіңішке **ә** орнына алу солардан қалған-ды. Сүйеу таяқ болса, бұл бұрыннан болатын. Бұрын болғанда, бұл – Қожа-Ахмет Ясауида да, шағатай жазушыларында да болып отырған. Дауысты дыбыс алдынан сүйеу «**а**» қою әдеті арабша жазуға ескі ұйғыр әліппесінен (осы күнгі монғол әліппесі сол ұйғыр әліппесінің негізінде) қалды деуге толық қақымыз бар; үйткені ескі ұйғыр жазуында сөз басындағы дауысты дыбыс алдына «**а**» қою барды. Әйтпесе араб жазуының өз әдетінде бұл жоқ. Бірақ, ескі ұйғыр жазуы кезінде бұл сүйеу таяқ емес, бар дыбыстың таңбасы болса керек.

Сонымен Байтұрсынұлының сыбағасына еркін тиетіні – жалғыз-ақ қосар әріптер. Бұлар да оның алғашқы жобасында бүгінгі ұғымдағыдан көріне басқа еді. Мәселен, **ұу** дыбысын Байтұрсынұлы да, бөтендері де ең соңғы кезде бұл бір дыбыс емес, **ұ** мен **у**-дан, **ы** мен **у**-дан құралған екі дыбыс деп жүрсе, 1912 жылғы «Айқап» журналының 4-5 сандарында шыққан алғашқы жобасында Ахмет **ұу** дыбысын жалаң дыбыс деген болатын, қай жерде екі **ұ**-мен белгіленгенін – тек әріп жоқтықтан болды деген болатын. Сондықтан да алғашқы жамалған әліппеге үстіне үш нокат қойылатын **уау** кіргізілмеген болатын. **ұу**-ды бірде **үү**, екіншіде тек **ұ** ретінде – екі түрде таңбаланған еді. Оның үстіне **у** дыбысы да сол **ұ**-мен белгіленген еді. Сонымен осы күнгі біздің **ұу**, **үү**, **ұ**, **ү**, **у** әріптерімізбен таңбалап жүрген 3(5) түрлі дыбыстың бәрі де жалғыз **у**-мен көрсетілетін жерлері болушы еді.

Араб әріптерін, мағынасына қарай, осы күнгі әріптерімізбен таңбалағанда, осы күнгі «**түр**» да онда «**түр**», «**оқу**» да онда «**оқу**», «**тау**» онда «**тау**» болып жазылушы еді. де, бірақ – **кү** тізбегі бірде осылай «**кү**» болып оқылады да, енді

бірде «қу» болып оқылатын еді. Бұл үлкен шатақ еді. Осы шатақтан құтылмақ болғандағы қармағаны әлгі қосар әріптер болды. Бірақ, шатақтан құтқару орнына, қосар әріптер одан әрі қосарлана, шатақты шиеленістіре түсті. Араб негізді қазақ әліппесінің өлер алдындағы соңғы тынысы болған 1924 жылғы емлесінде бұрынғы ұу түріндегі жалғыз қосар төлдеп: **ыу, іу, ұу, үу** деген төрт қосар болып шықты. Латын әліппесін алған кезімізде де қазақ тілі дыбыстарының табиғатын тануымыз сол бұрынғы күйінен көп ұзамағандықтан, ескі арабша әліппеміздегі қосарлылық ауруын ала келіппіз. Бар жеңілдеткеніміз-ақ төрт қосардың орнына екі қосар қалдырып: **ыу, іу, ұу, үу** орнына **ұу, үу**-лерді ғана қолданғанымыз. Бұл – аурудан айығып кету емес, бәленің жарымынан құтылып, жарымын сақтап қойғанмен бір есеп, **ый, ій**-лер жөнінде бұ да болған жоқ, түгелімен бұрынғыша жаңа емлеге кірді.

Сөйтіп, біздің қосар әріптердің төркіні түгелімен Ахмет емлесіне барып тіреледі. Апострофтан шошынып, әсіре қызылдыққа салынып жүрген қайбір жолдастар мұны жақсы аңғаруы керек.

## 2. Қосар әріпті жақтаушылардың дәлелдері

Қосарды жақтаушылар бұлардың бір дыбыс емес, екі дыбыс болғандықтан екі таңбамен белгілеу керек деседі.

Әуелі-ақ, бұларда екі дыбыс бар ма, жоқ бір-ақ дыбыс бар ма? Мұны айырып беруге қосаршылардың өздерінің де өрелері жетпейді. Бар айтатын дәлелі екі-ақ түрлі: 1) **ұу, үу, ый, ій**-лерден кейін келетін жалғанатын жалғау – дауысты дыбыстан кейін келетін жалғауға ұқсамайды, дауыссыздан кейінгі жалғаудай болып отырады: дауыстылардан кейін *бала-сы, еңсе-сі* болып, тәуелдеу жалғауы - **сы, -сі** түрінде ұшырайды да, барлық дауыссыздардан және **ұу, үу, ый, ій**-лерден кейін **ы, і** түрінде:

*Аурұу-ы Бій-і*

*Өсүу-і Ат-ы*

*Сый-ы Ел-і*

болып кетеді; сондықтан жалғау түріне қарай, **ұу, ый**-ларды қосар дыбыстар деп, оның соңғысын дауыссыз **у, й** деп білу керек дейді.

Бұл – салмақты дәлел емес. Дыбыстың түрін жалғауға қарай тану – қазақ тілін зерттеу тарихының төменгі сатыда жүрген кезіндегі кустаршылықтың қалдығы. Әйтпесе, дыбыстың қандай нәзік түрлерін де айырып бере алатын эксперименталь фонетика аспаптары бар. Біздің заманымызда қай дыбыстың қандай дыбыс екенін айыру үшін жалғауға апелляция берудің өзі бір ұят әңгіме. Жалғау ерте кездегі қалыпты ғана көрсетіп, дыбыстың осы күнгі бет алысын көрсетпей де қояды. Қазақ тілінде **-лы** жалғауы дауысты дыбыстар мен **у, й, р**-дың соңынан ғана келеді де, қатаң (үнсіз) дыбыстан кейін **-ты (-ті)** түріне көшеді; *бала, тау, ой, ар* сөздері: *бала-лы, ой-лы, ар-лы* болып тұрып, *ат, ес* сөздерінен *ат-ты, ес-ті* болып сөз тудырылады. Сөйте тұра, *жар-ты, Шідер-ті* сияқты сөздерде солар **р**-дан кейін жалғау *-лы* болмай, *-ты* болып кетеді. Оған қарап **р** дыбысын қатаңның қатарына қосуға бола ма екен? Түрік тілінде *су, оқу*-дағы **ұу**-лар жалаң дауысты, сондықтан олар *su, oqu* деп жазады. Бірақ жалғау түрін алсақ, онда ілік жалғау дауыстыдан кейін **-ның**, дауыссыздан кейін **-ң** болады да, **ұу**-дан кейін ілік

жалғау **-йың** болып, жеке бөлініп шыға келеді. Осыған қарап, осы жалғау дауыстыға да, дауыссызға да ұқсамағанына қарап, түрік тілінде **ұу** дауысты да емес, дауыссыз да емес деуге бола ма?

Дыбыстың дауысты, не дауыссыз екенін тәуелдеу жалғауына қарай айыратын болғанда, *қай-сы, анау-сы, мынау-сы* сөздеріндегі тәуелдеу **-сы** болып кетті деп, бұлардағы **й** мен **у**-ды дауыстыға қосу, сөйте тұра, *сай-ы, тау-ы* дегендегі **й** мен **у**-ды (жалғауы **ы** болғандықтан) дауыссызға қосу керек болар еді. Бұл, әрине, ересек адамның ісі емес, баланың ойны болған болар еді.

Сондықтан, бұл дәлелді дәлелге есеп етуге болмайды. **ұу, үу, ій**-лардың әрқайсысында екі-екіден дыбыс бар деушілердің екінші, әрі бар күшті дәлелі - бұл қосар әріпті дыбыстар ерте кезде бір дауысты, бір дауыссыздан құралған екі дыбыс болған деседі. Мұнысы дұрыс: «**су**» сөзі бұрын бірде «**сұу**», бірде «**сұғ**» түрінде; «*ашу*» сөзі бұрын «*ашығ*» түрінде; «**бу**» сөзі «*бұғ*» түрінде; «*тій*» сөзі «*тег*», «*би*» сөзі «*бег*» түрінде болулары рас. Бірақ, бұрын сондай болушылығының өзі осы күні де сондай екендігіне, немесе, осы күні қосар таңбамен жазудың дұрыстығына дәлел бола ала ма? Бізден басқа, бізбен көрші елдер (татар, башқұр, өзбек, азербайжан, қырым елдері) баяғыда екі дыбыстан құралған еді деп бұларды қосар әріппен таңбалап отыр ма? Жоқ, баяғының қара шаңырағы біздің еншімізге тиген бе? Бұрын екі дыбыс (бір дауысты, бірі дауыссыз) болған жердің бәрі бірдей қосар әріппен таңбалана беретін болғанда, «*сары*» сөзі бұрын «*сарығ*» түрінде болған; сондықтан, етістікке айналған кезде «*сарғ-ай*» болып **ғ** пайда болады. Онда мұны да «*сарұу*» немесе «*сарый*» түрінде жазбақшымыз ба? «*Тірі*» сөзі «*тірік*», «*торы*» сөзі «*торық*» түрінде болған, әлде бұларды да «*тірій*», «*торый*» деп жазамыз ба? Әрине, жаза алмаймыз. Олай болса, бұл сияқты өткендегі ата-тегінен шығарып әкеліп **ұу, ій**-лердің әрқайсысы екі-екі дыбыстан деушілік – құлақ асарлық дәлелді әңгіме де бола алмайды. Сөйтіп, қосар әріппен жазуды мақұлдайтын екі дәлелдің екеуі де дәлелдікке жарамайтын болып шығады.

### **3. Ұу, ій-лер шынында бір-бір дыбыс па, жоқ, әрқайсысы қос дыбыстан ба?**

Әрбір жеке дыбыстың қай жерде қандай болып ұшырайтынын анықтау үшін бүгінде ғылым түрлі аппараттар қолданып, эксперимент жолымен мәселенің түйінін шешіп отырады. Бірақ біздің қазақ тілі дыбыстары мұндай эксперименталь зерттеу көрген емес. Мына дыбыстары қосар дыбыс деп жүргендер де ғылым қорытындысына сүйеніп айтып жүрген жоқ, әркім өз көңіл орайымен соғып жүр. Сондықтан, бұл туралы қазақ тілін зерттеген оқымыстылардың пікірін шолып қаралық.

Түркі тілдерінің ең ірі маманы академик В. Радлов өзінің неміс тілінде шыққан «Phonetik der nordlichen Tuerksprachen» («Терістік түркі тілдерінің фонетикасы») деген кітабының I томында бұл дыбыстарды қосар дыбыс демей, жалаң деп кеткен. Бірақ, бұл біздің **ұу, ій**-лерді Радлов «ұзын дауысты» деп, ұзындық белгісімен айырып таңбалаған. Радловтың қазақтың **ұу, ій**-лерін ұзын деуі, әрине, қате. Үйткені қырғыз тіліндегі секілді ұзындық-қысқалық қазақ дыбыстарында жоқ. Мұны Радлов та білген. Бірақ Радловтың ұзын деуі тек қысаң **ұ, ү, ы, і**-лерден айыру үшін болса керек. Ондай болса, дұрыс, Радловтың бір

айтқаны: ұзын **ү**, ұзын **і**-лерден соң дауысты келе қойса, екеуінің арасына бір жарты дауысты тығылады, *су, би* болады да, *сұуат, бійік* болады деген. Бірақ, жазуда ол жарты дауыстыны елемей, таңбаламай кетіп отырған. Біздің *тійін, бійік* деп жазылатындарымызды да Радлов *тін, бік* деп жазған. Кейін 1884 жылы шыққан «О языке Куманов» дейтін шығармасында да Радлов **ұу, ій**-лердің жалаң дыбыс екенін мойындаған. Ноғайбақтарға арналған оқу құралдарында миссионер Ильминский **ұу, үу**-лерді **ыу, еу** таңбаларымен белгілеген болатын еді. Радлов мұны да жай, шартты таңба деп қараған (соңғы кітабының 25-бетін қара). Сөйтіп, Радлов бұл дауыстардың қос емес, жалаң екенін мойындап кеткен.

Қазақ тілінің грамматикасын ең жақсы тексерген профессор П. Мелиоранский де осы Радлов пікірінде болып, **ұу, ій**-лерді жалаң әріппен таңбалаған. Бұл дыбыстардың татар тіліндегісі мен қазақ тіліндегісінің ешбір айырмасы жоқ. Ал татар тіліндегісін эксперименталь түрде тексеріп келіп, Ғалымжан Шарап бұлардың жалаң дыбыс екенін ашты. Татар, түрік тілдерін эксперименталь фонетика жөнімен көп зерттеген оқымысты Богородицкий «О корневом вокализме в турецком языке» деген еңбегінде ана Радлов пікірін қуаттап, бұларды жалаң дыбыс деп шығады.

Міне, бұл жөніндегі ғылымның көзқарасы осындай. Ал **ұу, ый**-ларды қосар дыбыс деп жүргендер өз жандарынан шығарып жүргендер, ғылым табысынан аулақ қалғандар. Сондықтан қосар әріпті жақтау үшін олардың дыбыстары да қосар дегісі келген көзқарасты ғылым жөнінен салмағы бар пікір екен деуге болмайды.

Мұндай дыбыстарды қосар әріппен таңбалау, байқасақ, ел-елдің бәрінде де болған екен. Ескі грек емлесінде **ұу** дыбысын **оу** әріптерімен таңбалау болса, мұны ескі грузин әліппесінде де көреміз. Осы күнгі грузин әліппесіндегі **ұу** әрпі дара әріп. Бірақ бұл дара әріп ескі грузиннің шеркеу әліппесіндегі **о** әрпі мен **у** әрпінен қосылып жасалыпты (Н. Марр. «Грамматика древнегрузинского языка»). Ескі славян әліппесінде де **у** бұрын дара әріп емес еді: **ы** мен **у**-дің екеуінің қоспасы еді, кейін екеуі кірігіп барып, бір әріп болды. Француздар **у**-ды осы күнге шейін **оу**-мен белгілейді. Ағылшын әліппесінде, **оо** (екі **о**) **у** орнына, қосар **е** (ее) **ій** орнына жүреді. Армян әліппесінде күні бүгінге шейін **у** дыбысын **оу**-мен таңбалайды.

Міне, мұның бәрінде де дыбыстың екеу болмай-ақ біреу болап тұрып-ақ, тек ескідегі әдетпен қосарлы әріптермен таңбаланып жүргенін көреміз. Бірақ әрпі қосар екен деп дыбысы қосар бола бермей, дараланып қалып, жазу мен айтудың екеуі екі жаққа кеткенін көреміз (француз, ағылшын, армян әліппелері). Көбісінде бұрынғы қосар әріптер кірігіп, бір дара әріп болып кеткенін көреміз (орыс, грузин). Қосар әріптің алдағы тағдыры осы. Оны қаншама сүйрете бергенмен де, о сүйреткің тек өз бойыңа салмақ болмақшы да, дыбыстың қосарлығын сақтап қала алмақшы емес.

Оның үстіне қосар әріптің жазудағы қиыншылығымен санаспай тағы болмайды. Бірқатар мектептердің балалары қосарымен жазып жатуға ерініп, **ұу** мен **у**-дан құрап бір әріп жасап алыпты, сонда онысы ағылшын мен немістің дубель **juv**-ындай **w** болып шыққан. Оның өзі көпшіліктің даралауға ұмтылғанын көрсетпей ме? Қосар әріп болғаннан кейін қате жазу да көбейеді. Баланың қатесінің төрттің бірі осы күні **ый** орнына **ій**, **ій** орнына **ый** жазуда; **ұу** орнына **үу**, **үу** орнына **ұу** немесе **у** жазуда болып отыр. Мұнымен есептеспеске болар ма екен?

Біз емлені ермекке түземейміз, оңайлансын деп түзетеміз. Олай болса, мына қосарлы жазудан құтылуымыз, мұның орнына дара әріп алуымыз керек.

Дара әріпті де жанымыздан шығарып, не жаңадан кіргізуге болмайды, осы күнгі қазақ әліппесінің ішінде бар, көрші елдерде осы мағынада қолданылатын, латын әрпінің жер жүзілік практикасында ұсталып жүрген **u** мен **i**-ні, біріншісін **у** мен **ү** орнына, екіншісін **ый** мен **ій** орнына алу жағындамыз.

## ТЕРМИН СӨЗДЕРДІҢ СПЕЦИФИКАСЫ ЖӨНІНДЕ<sup>1</sup>

Термин мәселесіндегі үлкен кемшіліктеріміздің бірі – мына тіпті термин емес сөздер де термин қатарына қосақталып, белгілі бір мағынаны білдіретін стандарт сөздер боп қатып қалған.

Сүйтіп, қазақ сөздері мешеулікке айналған, тілеген бір ұғымды еркін айтып берерлік басы бос сөздер санаулы боп қалған, термин ғып алынған сөздер көбінесе-ақ адам түсінбейтін боп шыққан.

Мынау қазақ сөздерінің денесіне жабысқан бір дерт қой. Енді сол дертті қазақ сөздерінің денесінен сылып тастап, термин принциптерін дұрыс шешу үшін: термин деген не, белгілі бір ұғымды арналып, басқасына бұрылмайтын стандарт термин болуға лайық қандай сөздер: алдымен осыны шешіп алу керек.

Белгілі бір ұғымдарды білдіретін қарақшылы сөздер болады, о сөздерді әлгіндей ұғымдарға – ғылым жолы қандай сатыда тұрса, міне осы теліп отырады; сонымен қатар термин сөзінің терминдік ұғымы мен күнделік тіршілікте қолданылатын жай сөздік мағнасы басқа болуы да мүмкін.

Сүйтіп, термин сөзі белгілі бір кезеңдегі белгілі бір ғылыми ұғымды, ұғым болғанда да, көбінесе ақ жай сол сөздің, сөздік мағынасына жуыспайтын ұғымды білдіретін болады; Олай болса, термин сөз – қашан өзінің тұрақтылығын қойып екінші бір ұғымға ауып кеткенше, тұрақты болып тұрады.

Бұрынғы мағнасы өзгергенде де іргесін аудармай сақталып отыратын термин – сөздер көп ұшырайды, мысалы: «атом», «психология», «яровизация», т. б. сияқты.

О баста: «атом» онан әрі бөлінбейтін, психология «жантану ғылымы», яровизация «күздік тұқымды жаз себетін тұқымға айналдыру» мағыналарында қолданылған, Ғылым өрісі кеңейіп ілгері басқаннан кейін, жаңағы сөздер беретін ұғымдар да өзгерген, сүйтіп әлгі сөздер басқа мағыналарды білдіретін болып шыққан; электрон теориясы келіп шықты да атом – дененің онан әрі бөлінбейтін ең кішкентай бөлшегі деген ұғымды бекерге шығарады; психология – рухтану ғылымы емес, қайта, «рух», «аруақ», «жын шайтан» сияқтылардың түбі шикі екенін сыпаттайтын ғылымға айналды; яровизация – күздік тұқымдарды жаз себуге жарамды етіп шығаратын ғана емес – тұқымды жақсартып, егістік жерлерді өңдейтін, оның үстіне жаз себілетін тұқымдарды, шапшаң көктеп өсіп шығатын етіп егіннің бітік болып шығуын арттыру жолдарын табатын ғылым боп шықты.

Мұндай реттер барлық терминдерде де ұшырайды десек көп қателескен болмаймыз; сонда ескі терминдер сақталып, қала береді, бірақ мағынасы соныланып жаңарады. Үйткені ғылыми ұғымды білдіретін сөздер ғана аударылады, ұғым сол кезде ортақ болғандықтан ол аударылмайды, жалғыз ақ түсіндіріліп анықталып кетеді. Олай болса, халықаралық терминдерді аударып алам деу бекершілік боп шығады.

Термин алу мәселесінде бізде неше түрлі өрескеліктік болғанын көреміз. Бізде «психология» демей «жан жүйесі» (жан тану ғылымы), «геометрия» демей, «пішіндеме» (фигура жайлы деген боп шығады) деп алынған болатын. Әрине, бұл сықылды өрескелдік аударылмайтын сөздерді, халықаралық терминдерді аударып

---

<sup>1</sup> Мақала алғаш рет 1935 жылы «Мемлекеттік термин комиссиясы Бюллетенінің» № 4 санында жарияланған. – *Редакция алқасы.*

алам деуден, аудару керек болғанда да терминдерді емес, сөздердің лексикалық мағыналарын аударудан шығады: тұрақты ұғымдардың әр қайсысына, халықаралық термин етіп алу керек. Термин емес жай сөзде келгенде, бұлардың орнына – жазушының, сөйлеушінің лексика зарасына қарай бар зарасын орынды жерінде қолдана білуіне қарай, басқа сөздер алуға болады.

Тарих бүкіл жер жүзіндегі мәндегі ие болған күннен бастап ғылым табыстары да бүкіл жер жүзіндік ғылым табыстарына айналды. Біздің заманымызда бір заңды екі адам өз тұсынан табуы, – мысалы Ломоносовта, Лавуазие де бір заңды өз бетімен ашуы мүмкін емес.

Сондықтан ғылым-техника табыстары жарыққа шығарған терминдер де бүкіл жер жүзінде ортақ, халықаралық термин боп шығады. Термин сөздерінің жай сөздерден мағына жағынан өзгеше болуы да осыдан келіп шыққан. Бір сөз белгілі бір кезеңдегі халықаралық бірыңғай, стандарт ұғымға телінбей әр елдің тілінде қандай мағынада қолданылған түрінде қалып отырады, ол термин бола алмайды. Мысалы, орыстың «лошадь», «корова», «толстый», «мелкий», т. т. сияқты сөздері мен соларға сәйкес келетін қазақтың «ат», «сиыр», «жуан», «ұсақ» сөздері.

Үстіртін қарағанда алдыңғы орыс сөздеріне сәйкес, солар берген ұғымдарды соңғы қазақ сөздері де дәл түсіндіре алатын сияқты. Бірақ олай емес көрінеді: орыстың «лошадь-ына» бірде қазақтың «ат»-ы, кейде «жылқы -сы» сәйкес келіп отырады; сол сияқты, қазақтың «ат»-ына бірде орыстың «мерін-і», кейде, «конь-і» сәйкес келіп отырады. Қазақтың «сиыр-ы», көбінесе ақ орыстың «рогатый скот-ы», сирек қана, «корова-сы» орнына жүреді. Орыстың «толстый» деген сөзі «цилиндір» дегеннің жуандығын білдіретін болса ғана қазақтың «жуан» сөзіне сәйкес келеді; бірақ олардың «толстая бумага-сын» қазақ «қалың қағаз» дейді, (жуан қағаз демейді), «толстый стебель-ін» – «жуан сабақ» дейді.

Орыстың «мелкий» деген сөзі, «камешек» сияқтылар жайлы айтылған болса ғана оған қазақтың «ұсақ» сөзі сәйкес келеді («ұсақ тастар», «мелкие камешки»), ал енді «мелкая вода» дегендегі «мелкий-ді» «ұсақ» (су) деуге болмайды, – «тайыз су» дейміз, – мұнда «мелкий» сөзіне «тайыз» дәл келеді.

Солай болатын жөні де бар: үйткені сөз бір нәрсенің жай аты ғана емес,- жете танылған, бөлектеніп шыққан нәрсенің аты.

Бір нәрсенің осылайша бөлектеніп шығуы әр елдің тарихи даму жағдайларынан келіп шықпақ, конкрет тарихи жағдайларға қарай икемделмек, ондай жағдайларды әрбір қоғам коллективі өз басынан оздыратын сияқты, бірақ бір сөздің әлгіше бөлектеніп шығуы түрліше болады. Әр коллектив өзінің тіршілігінде бір нәрсенің бір жағымен ғана пайдаланса, ол нәрсені сол жағынан ғана таниды, құбылыстардың арасындағы байланысты осы жағынан алып көрсетеді.

«Восход солнца» кейбір халыққа «күннің жоғары көтерілуі» болып көрінген, енді біреулерге «үйден шығу» тәрізді, үшіншілерге «туу» тәрізді боп көрінген. «Меньшая глубина воды» ұғымы да со сияқты. Орыстар мұны «мелький предмет-ке» байланыстырып алса, қазақтар оны «замерзшая вода» ұғымына ұштастырып «скользкость» ұғымымен байланыстырып, «тай» түбірінен «тайыз» туынды сөзін қолданып кеткен.

Өмірде кездесетін ұғымдар, оған сәйкес сөздер осылай жасалып, жарыққа шығып отырады, ал енді, бір елдің тіліндегі сөздерге сәйкес келетін екінші бір



елдердің тілдеріндегі сөздер, қашан да толық сәйкес болып отырған емес, үйткені елдердің тіршілік жолындағы, тарих заңымен келіп шыққан ұғымдағы айырмашылықтар жойылмай тұрып, ол сөздер бірыңғай толық бір-біріне сәйкес келе алмайтын сияқты. Ғылыми ұғымдарды алатын болсақ, мұнда әңгіме басқаша. Үйткені бұл ұғымдарды белгілі бір ғылым тарихының белгілі бір кезеңі жетектеп отырады, мұнда сол ұғымды малданып отырған халықтың тарих жолымен, немесе жер-суы, мекені басқалығымен келіп шыққан сезімі жаңа ашылған процеске кедергі бола алмайды. «Линия» сөзі ғылыми бір ұғым, бірақ мұның қарапайымды мағынасы ғылыми ұғымға сәйкес емес, әр ел мұны әртүрлі құбылыстармен байланыстырып алады, «пар» ұғымы да сондай; физикадағы «линия» бір басқа да, жай тіршілікте кездесетін «линия» бір басқа.

Қай тілдің де жай сөздері тек сол елдің ғана қолданатын сөзі болудан озып ғылыми ұғымдарды білдіретін болса, сонда ғана термин қатарына кіреді. Қазақтың «тау сағызымен» «жабағысы» өрісі ұзарып, шетке шыға алмай, қазақтың өзі ғана білетін ұғымдар болып жүрген кезде жай сөздіктен асқан жоқ. Ал, енді, «тау сағыз» сөзі белгілі бір ботаникалық, биохимиялық ұғымды, «жабағы» сөзі – тауарлық (товар) ұғымды алып еді, бұлар термин болып шыға келеді.

Сондықтан әр ұлттың меншікті, басқалар қолданбайтын терминдері болмайтын сияқты. Дұрыс, араб, қытайлар өз күшімен барлық терминді өздерінің ұлт тілінде бар сөздерден жасап алуға тырысқан. Бірақ бүкіл жер жүзілік тарихи процестің ағымына бұлар да төтеп бере алмай, халықаралық терминдерге бұлар да қойындарын аша бастады.

Сондықтан термин – әр елдің өз сөзімен алынса да, мысалы, «еңбек», «ақша» немесе халықаралық сөзбен алынса да, мысалы «капитал», «валюта» сияқты – қашан да халықаралық болады, үйткені бұлардың екеуі де жер жүзіне белгілі ортақ ұғымдарды білдіреді.

Өндіріс бүкіл жер жүзілік болып стандарт түрге көшкенін көреміз, осының белгісі болып халықаралық стандарт терминдер көбейеді, өзі көбінесе халықаралық ортақ сөздермен айтылатын болады. Бірақ бұл дәуірде ұлт және ұлт тілі жойылып кетпейді ғой, сондықтан халықаралық терминдерінің бірсыпырасы, мүмкін, тіпті ел-елді өз сөзімен алынып отырады.

Халықаралық ортақ терминдермен қатар, ел-елдің өз тілінде алынған терминдер де болмақ. Екеуі қоян-қолтық тепе-тең түсіп отыра ма немесе біреуі кем, оның есебіне екіншісі артып отыра ма – о жағы тарихи жағдайлармен сабақтас нәрсе, бірақ халықаралық ортақ сөздермен алынатын терминдер қоғамның дамуына қарай өсіп, өрісі кеңеюі даусыз.

Біз жоғарыда: терминдер, бір жағынан халықаралық ортақ болып кеткен сөздерден жасалса, екінші жағынан, ел-елдің өз тіліне аударылып та алынып отырады деген едік; міне термин тәжірибесіндегі осы заң қазақ тілінің терминдерін жасауда да өзінің күшін сақтауы керек.

Сүйтіп **қазақ тілінің терминдері** бір жағынан бір ыңғай интернационал сөздермен алынса, екінші жағынан – қазақ сөздерінен жасалатын болады.

Біз, **бірыңғай интернационал терминдер** – қазақ тілінде оларға сәйкес келетін сөздер табылсын, табылмасын – аударылып алынбасын дейміз. Қазақ тілінің терминдері жайлы біздің ұстаған жолымыз осы.

# ФИЗИКА ТЕРМИНДЕРІ ЖАЙЫНАН<sup>1</sup>

## 1. Аэросани – аэрошана.

Термин есебінде алынған интернационал сөздер қазақ тіліне судай сіңіп, бойына тарап, өз сөзіндей болып кетуі керек. «Ақыл», «ақпар» сықылды арабтан кірген сөздер де, «самаурын», «бөкебай»-ларға ұсаған орыс сөздері де бұл кезде қазақтың өз сөзі болып кеткен. Ол сөздердің төркіні араб яки орыс сөзі екенін тілші ғалымдар болмаса, жалпы жұрт білмейді де, «қазақтың өз сөзі» деп ойлайды.

Тілге жаңадан кіріп жатқан терминдер де соларға ұқсап, қазақтың төл сөзінен айыра танығысыз болып кетуі керек. Әйтпесе оларды жат сөз, жат нәрсе қылып көрсетіп қойсақ, тілді ілгері бастырып көркейтуге еш септігі болмақ емес. Біз «изм», «ист», «тор», «ия» сықылды халықаралық қосымшаларды жұрнақ есебінде қабылдап алғанмен, әзіріне оларды парсыдан кірген «кер», арабтан кірген «ие»-лерге ұсатып, әзіріне өз сөздерімізге жалғап көргеніміз жоқ. Бірақ түбінде сөйтетін болуымыз керек.

Мынау «аэрошана»-ға ұқсастырып «ультракүлгін», «субжанама», «микротаразы» сықылды бірқатар терминдерді де осылайша: интернационал сөз бен қазақтың төл сөзін қосарлап әдейі алып отырмыз. «Аэрошана» сықылды техникалық термин-сөздер осы қалпында елдің құлағына сіңіп пайдаға асып кетсе, «аэро»-ға ұқсайтын халықаралық сөздерді сонда ғана «өзіміздікі» қылып, меншіктеп алатын боламыз. Алғаш қолданған әзірде бұлар қайсыбіреулерге ерсі, тұрпайы болып та көрінуі мүмкін. Бүгінде «аэросани», «автодорога» деп жүрген сөздерді орыс елі де алғашында осылайша жатырқаған болатын. Бірақ қоғам өмірінің дамуы мұндай сонылықтардың талайын үйреншікті, дағдылы, сыпайы қалыпқа салды. Бізде де осындай болатынына сөз жоқ.

Мысалдар:

*аэросани – аэрошана*  
*грамм-вес – грамм-салмақ*  
*сила – күш*  
*инфракрасный – инфрақызыл*  
*канал-лучи – канал-сәуле*  
*микровесы – микротаразы*  
*ультра-фиолет – ультракүлгін*

## 2. Волна световая – жарық толқыны.

Екі сөздің басын құрап термин жасайтын болғанда, оның біріншісі ілік жалғаулы анықтауыш та, екіншісі – тәуелдеулі сөз болып келсе, олай құрап шығарған сөз терминге тым қолайсыз болады. Қазақтың өз сөздерінің олай құралып, бір сөз болып кеткендері санаулы. Мәселен «отагасы» деген сөз солай жасалған: «от» – ілік септіктің жалғаусыз түріндегі анықтауыш та, «агасы» – соның анықтаған сөзі. Солай құралғанмен де, жүре-келе мағынасы жағынан бір сөз болып кеткен соң, тәуелдеуші -сы жалғауы тәуелдеушілік мәнінен айрылып, «отагасы» сөзі тәуелдеусіз атау есебінде айтылып кеткен. Сондықтан ол: «біздің отагасымыз», «олардың отагасы» түрінде айтылады да, оның үстіне тағы бір

<sup>1</sup> Мақала «Қазақстан Мемлекеттік термин комиссиясының» 1935 жылғы 15 мамырдағы № 2 Бюллетенінен (Қазақстан, 1-ші бөліктің 1-2 бб.) көшіріліп алынды.

тәуелдік жалғау жалғанады. Ал, мәселен, олай бір сөз болып тұтасып кетпеген «*ат басы*» сықылды сөзге өйтіп жаңадан тәуелдеу қосымшасын жалғай алмаймыз: яғни «*Құрманбайдың ат басысы*» – дей алмаймыз. Сол сияқты «*қой еті*» түрінде тіркесіп жасалған сөздер де мағына жағынан мызғымас бірлікте бола алмайды. Мәселен, оған жаңадан тағы бір анықтауыш қосатын болсақ, айталық, «*жас*», «*сан*» сықылды анықтауыштар қосамыз десек, онда «*жас қой еті*», «*сан қой еті*» деп айта алмаймыз. Олай етсек «*жас*» та, «*сан*» да тек «*қой*» сөзінің ғана анықтауышы болып қалады. Ал, оларды «*ет*» сөзінің анықтауышы қылу үшін: «*қойдың жас еті*», «*қойдың сан еті*» деп, жаңа анықтауыштарды «*қой еті*» деген екі сөздің арасына сыналауымыз керек. Демек, осы сықылды болып тіркескен сөздер екеуден-екеу ғана тұрғанда бір сөзге ұқсағанмен, оларға жаңадан анықтауыш қосылғанда екеуінің арасы ашылып, мағынасы да алшақтап кетеді.

Бұған қарағанда ілік жалғауының жасырын түрінде тұрған сөз сындық мағына білдіріп, оның анықтайтын сөзі тәуелдеусіз зат есім болып келетін тіркестер жиірек кездеседі. Мәселен, «*желке шаш-ы*», «*маңдай тер-і*», «*жастық тыс-ы*», «*сиыр қора-сы*» дегендер алғашқы үлгіден басқашалау. Алайда «*Волна световая*» дегенді «*жастық тыс*» сияқтандырып «*жарық толқын*» деуге болмайтын болды. Өйткені, «*жарық*» сөзінің орыс тіліндегі «*свет*» сөзімен дәл келетін зат есім мағынасынан басқа «*светлый*» дегенге келетін сын есім мағынасы да бар. Сондықтан, «*жарық*» түбіріне **-тық** жұрнағын қосып: «*жарықтық*» деуге де болмайтын болды, себебі бұндай қолданыстың «*әулие*» дегенге саятын айрықша мағынасы тағы бар.

Түпкі мағынасы «*жарыққа себеп болатын*», «*жарықты шығаратын*» толқынға қатысты болған соң, «*бала-ла*», «*бұзау-ла*» дегендерге ұқсатып: «*жарықта*» деген етістік жасап алып, сосын оған «**-уыш**» жұрнағын қосып «*жарықтауыш*» дейтін туынды түбір туғызып, сөз болып отырған терминді «*жарықтауыш толқын*» деп беруге болар еді, бірақ ондай жасанды сөз жалпы көпшілікке тым жат, ерсі көрінер деп те ойладық. Сөйтіп, бұл терминді және осыған ұқсас «*инерция заңы*», «*электр ұшқыны*», «*дыбыс интерпретациясы*» деген сияқты біреуі ілік жалғауы түрінде, екіншісі тәуелдеулі болып келген терминдердің бәрін де амалсыздан алдық. Біздің білуімізше бұл сықылды терминдерге ендігі істейтін амалымыз – жалғыз-ақ: оның бәрін де «*отағасы*» сияқтандырып қосып жазу. «*Маңдай тер*», «*табан ақы*» дегендерді де қосып жазған жөн. Бірақ бұл – жалпы емле мәселесі. Оны өз алдына сөз қылармыз деп ойлаймын.

## **М ы с а л д а р:**

*световая волна – жарық толқыны*

*электрическая волна – электр толқыны*

*электромагнитная волна – электромагнит толқыны*

*эфирная волна – эфир толқыны*

*дуга вольтовая – вольт доғасы*

*закон Архимеда – Архимед заңы*

*закон инерции – инерция заңы*

*закон сохранения энергии – энергияның сақталу заңы*

*интерференция звуковая – дыбыстың интерференциясы*

*интерференция световая – жарықтың интерференциясы*  
*искра разрядная – разряд ұшқыны*  
*искра электрическая – электр ұшқыны*  
*единица измерения – өлшем*

«Единица измерения» деген терминді бұл кезге шейін біресе «бірлік» деп, біресе «өлшеуіш» деп түрліше атап келдік. «Бірлік» сөзінің қолайсыз жері – оның бұдан басқа да мағыналарының көптігінде. Мәселен, «күштің бірлігі» дегенді «бірнеше күштердің бір іске не нәрсеге бірыңғай жабыла бірігіп кірісуі» деп те түсінуге болады. Сондай-ақ, «күштің көп емес, біреу-ақ екені, жалғыздығы» деп те түсінуге болады. Ал, «өлшеуіш» деген сөзде «өлшейтін аспап» мағынасы да бар.

Біздің «өлшем» деген сөзге тоқтаған себебіміз – «өлше» деген етістікке **-м** жұрнағын жалғағанда туатын осы «өлшем» мағынасы жағынан көбінесе-ақ бірнәрсені санап айтуға келетін белгілі бір шаманың атын білдіреді. Мысалы, осы **-м** жұрнағын «шақыр» деген етістікке жалғасақ, «шақырым», «үз» түбіріне қоссақ, «үзім», «қайна» сөзіне қоссақ «қайнатым»; «жұт»-қа қоссақ, «жұтым» болады. Содан барып екі ауылдың ортасын «шақырымдан» өлшеп, «пәлен шақырым» дейміз; нанды үзімдеп өлшеп, «бір үзім нан» дейміз; «екі қайнатым шай», «бір жұтым қымыз» дейміз. Сондағы «шақырым», «қайнатым» секілді сөздердің бәрі де белгілі бір шаманы білдіретін «өлшем» мағынасында айтылады. Біз «өлшем» деген терминді де сол жолмен өлше деген етістікке жоғарыдағы **-м** жұрнағын жалғау арқылы жасадық. Сондықтан бұл сөз де сол «шақырым», «жұтым» сықылды бір нәрсенің шамасын өлшеуге жарайтын мөлшерлердің бәрін қамтитын жалпы ұғымға ие бола алады.

Әрине, **-м** жұрнағының қызметі осы аталған «өлшем» тәрізді зат есім туғызумен шектеліп қалмайды. Бұл жұрнақты бірқатар етістікке жалғап, зат есім жасап алған соң, оның үстіне **-ды**, **-лы** жұрнағын қосып, сын есім жасауға болады. Мәселен, *біл-ім-ді*, *күт-ім-ді*, *төз-ім-ді* т.б. сияқты сын есімдер осы жолмен жасалған. Осылайша **-м-ды** тұлғалы сын есімдердің **-ды** қосымшасын алып тастағандағы зат есім болып қалатын тұқылдары: «білім», «күтім», «төзім» т.б. сын есімнің түбірге **-лық** жұрнағын жалғау арқылы жасалатын «зорлық», «сұлулық» т.б. сияқты дерексіз (абстракт) зат есімдерге де ұқсайды. Өйткені жоғарыдағы «білімді», «төзімді», «күтімді» сын есімдеріне **-лық** жұрнағын жалғап, «білімділік», «төзімділік», «күтімділік» дегенде бой көрсететін абстракт мағына білім, күтім, төзім деген туынды зат есімдердің өз бойларында да бар. Сондықтан осы кезге шейін: «сернімділік» – упругость, «өткізімділік» – проводимость деген сияқты **-м-ды-лық** болып үш жұрнақ қабаттасып жалғанатын сөздерді ықшамдап, «сернім», «өткізім» т.б. түрінде алдық.

### **3. Передача – жеткізу**

«У» жұрнағы етістікті нағыз зат есім қылып шығара алмайды. Осы жұрнақ арқылы жасалған «бару», «айту», «ішу» сықылды сөздер зат есім болғанымен, етістік мағынасынан мүлде айрылып кете алмайды; басқа сөздерді өзіне етістік күйіндегідей бағындырып, бағыныңқы сөздеріне септік жалғауын жалғатып, әйтпесе өзіне бағынған есімдерді үстеу қылып жіберіп отырады.

«У» жұрнағынан шын зат есім болып шыққан сөздер санаулы. Олар: «ауру», «жайлау», «егу» дегендер сияқты бірер ғана сөздер. Бұлардың «шын» зат есім болып кеткендігінің белгісі сол – өздерінен бұрын келген сын есімдер оларға анықтауыш болады және әуел бастағы сын есім мағынасынан айырылмай тұрып, қандай? деген сұрауға жауап береді. Бұларды қатыстырып: «ескі ауру», «биылғы жайлау», «болат егу» деуге болады. Ал, енді «бару» дегеннің алдынан «жаяу» деген сөз келсе, ол сын есімдік қасиетінен айырылып, үстеу болып кетеді: «жаяу бару» тіркесі «қалай бару?» керектігін көрсетеді, «қандай бару?» деуге келмейді.

Сонымен, «жеткізу» тәрізді, соған ұқсайтын сөздер «амал» мағынасындағы зат есімдер арқылы берілетін терминдерді жасауға жарай бермейді. Орыстың «передача» деген сөзінде екі мағына бар: 1. «Передача энергии на расстояние вполне возможна» дегендегі «передача» сөзінің мағынасы – «амал». Бұған біздің «жеткізу» деген сөзіміз жарайды: 2. «Установлена ременная передача» дегендегі «передача» «амал» емес, деректі зат, конкретті нәрсе. Бұған біздің «жеткізу» деген сөзіміз жарамайды (балама бола алмайды). Мағынасы жағынан бұл жердегі «передача» біздің «егу», «сабау» сияқты туынды зат есімдер. Сондықтан бұл мағынаны «жетек» сөзі арқылы беруді лайық көрдік.

Етістіктен зат есім болған осы тақылеттес орыс сөздерін қазақшалағанда көбінесе-ақ олардың мағыналарын жоғарыдағыша екі айырып берген жөн: біреуі – амал мағынасындағы «-у» тұлғалы сөз болуы керек те, екіншісі – зат, нәрсе мағынасын білдіретін нағыз зат есім болуы керек.

Әйтпесе, кұр -у жұрнағымен ғана тұлғаланған сөздерден туынды термин жасайтын болсақ, орысшасында анықтауыш болып келетін сын есімдерді біз не үстеу етіп жіберуіміз керек те, не болмаса -у тұлғалы сөздің ауанына қарай тиісті септік жалғауын жалғап айтуымыз керек. Мысалы, сәуленің шағылысуын білдіретін отражение деген терминнің нағыз зат есім болып шығатын қазақша сыңары жоқ. Сондықтан орыс тіліндегі «внутреннее отражение» деген терминдік тіркестің анықтауышы болып тұрған «внутреннее» деген сын есімді біз зат есім қылып, әрі оны «шағылысу» сөзіне бағындырып, шығыс жалғау жалғап септедік. Сонда оның қазақшасы «ішінен шағылысу» болып шықты.

## Мысалдар:

*сопротивление – қарысу, кедергілік*

*накаливание – қыздыру, қызу*

*насыщенность – қанығу*

*абсолютная насыщенность – абсолют қанығу*

*отражение – шағылысу*

*внутреннее отражение – ішінен шағылысу*

*отталкивание – тебісу*

*передача – жеткізу*

*зубчатая передача – тісті жетек*

*превращение – түрлену, екінші (басқа) түрге түсу*

*преломление – сыну, сыным*

*удельное преломление – сыбаға сыным*

*тяготение – тарту, тартылыс*

расширение – ұлғаю  
 кубическое расширение – үлкею  
 линейное расширение – ұзару  
 угол отражения – шағылысу бұрышы  
 угол падения – түсу бұрышы  
 угол преломления – сыну бұрышы

\* \* \*

Мақала мәтінін латын әліппесінен транслитерациялағандар **Е. Жұбанов** пен **М. Мирон**.

## МАТЕМАТИКА ТЕРМИНДЕРІ ЖӨНІНДЕ

Мемлекет термин комиссиясының сәуірдің 6-17 аралығында өткен сессиясында талқыланған математика терминдерінің ішінен көбінесе элементар математикаға лайықтыларын іріктеп алып, жариялап отырмыз. Математика терминдерін қабылдаудағы негізгі принциптер:

1. Интернационал түрін өзгертпей [қазақ тіліне аудармай] алған терминдер. Бұл қатарлы сөздер орыс тілінде қалай жазылса, қазақ әліппесімен де солай жазылатын болады: орыс емлесіндегі **Ф, Х, В** әріптері келетін жерлерге қазақ әліппесінің соларға ұйқасатын **П, Қ, Б** әріптері жазылады.

**Мысалдар:**

сумма	интеграл	радиус
анализ	конус	ромбы
аналогия	куб	пигур
арккосинус	масштаб	сентр
базис	пизика	покус
бектор	периметр	шар
диагонал	радтан	еккер
		сиркул т.б.

2. Сын есім ретінде кездесетін халықаралық терминдердің сын есімдік жалғауына тағы да қазақ тілінің сын есімдік жалғауын қосып жазу орайсыз деп табылады.

**Мысалдар:**

абсолют	сентрал
абстракт	элементар
диперенсиал	ирратсионал
интеграл	горизонтал
натурал	бертикал

Қолданылу орнына қарай және сын есімнің анықтайтын сөзінің ауанына қарай кейде **-лық, -дық, -тық** жұрнақтарын қосуға да болады. Мысалы:

**пропортсиалық бөлу – пропортсионал бөлу емес;**

логарипмдық теңгерме – логарипм теңдеу емес. Бірақ, «период бөлшек», «сентр бұрыш», «квадрат теңдеу» т.б.

3. Терминдердің түбіріне орыс тілінің заңы бойынша кейде «а» жалғасып келеді. Біз оны барлық сөздерге бірдей заң қылып бекітпей, бірқатар сөздердің соңында келетін «а» дәнекерін қысқарттық. Олар көп буынды және аяғы «д», «ш», «г» сықылды дыбыстарға бітпейтін сөздер.

**М ы с а л ы:**

аксиом – аксиома емес, теорем – теорема емес, проблем – проблема емес, апопем – апопема емес, биссектрис – биссектриса емес, координат – координата емес,	абссис – абссиса емес, гепотенуз – гепотенуза емес амплитуда – амплитуд емес, база – баз емес, паза – паз емес т.б.
--	--

4. Аяғы **-тсия (-ция)** болып бітетін сөздердің соңы не **-сия** болып қысқарады, немесе **-тсия** түрі өзгермей алынады. Бұлайша қолданыс түбірдегі дауысты-дауыссыз дыбыстардың сөз соңында кездесуіне байланысты. Мысалы: **пунксия**, бірақ үнді «р», «л», «н» және дауысты дыбыстардан соң: **пропортсия**, **диперенсия**, **нумератсия**, **проексия**. **Просент** сөзі де соңғы «т» әрпінсіз жазылады.

5. Кейбір сөздердің біз қабылдаған жаңа тұлғалары алғашқыда орайсыз көрінуі де ықтимал.

Қараңыз:

<b>түзу – түзулер,</b>	<b>шексіз көп шама,</b>
<b>қисық – қисықтар,</b>	<b>шекті шама,</b>
<b>жоғарғы табан,</b>	<b>жақ – бет мағынасында т.б.</b>
<b>шексіз аз шама,</b>	

Бірақ мұндай сөздер қысқартылған күйінде сіңісіп кетуі тиіс; түрлі сызық таңбалар, немесе толықтырма сөздерді айтып, жаза беру – тексті ауырлатып кетеді деп есептелді.

6. Кей сөздердің емлесі бұрыннан қазақ тіліне лайықталып өзгертіліп алынғаны ескеріліп, сол күйінде қабылданды.

**М ы с а л ы:**

<b>минот – мүйнет емес,</b>	<b>доға – дуға емес,</b>
<b>секунт – секонт емес,</b>	<b>но'л – нул емес т.б.</b>

7. Бұрын айтылып жүрген: *шаршы, текше, тікше, үшкіл, төрткіл, бірлік<sup>1</sup>, ондық, жүздік*, яғни бүтін сандардың бірлері, ондары, жүздері қолайсыз деп табылып, *квадрат, куб, бірге* жазылатын: *үшбұрыш, төртбұрыш, ондар, бірлер, жүздер* «өлшем» деп өзгертілді. Бірақ, үш бұрышы бар затты атау керек болса,

---

<sup>1</sup> Бірлік – «өлшем» мағынасында. – Е. Ж.

«үш бұрышты» деп, төрт бұрышы бар затты атау керек болса, «төрт бұрышты» деп, сандық анықтаушысын айырып, бөлек жазамыз.

8. Арифметика амалдарының аттары және әр амалдағы сандардың аттары былай деп алынды (қабылданды):

қосу	азайтқыш	көбейтінді
қосылғыш	қалдық	бөлу
қосылғыштар	айырма	бөлінгіш
қосынды немесе	көбейту	
сумма	көбейгіш	бөлгіш
алу	көбейткіш	бөлінді
азайғыш	көбейткіштер	бөлік

Бұлардан басқа: *еселік, бөлшектің алымы мен бөлімі, көлем, аудан, түбір, даража, көлбеу, теңдеу* т.б. сөздер бұрынғысынша алынды (қабылданды).

9. Геометрияда көп кездесетін терминдер:

Бұрын: *кесік, қима, қиысу* деп әртүрлі айтылып келген сөздер:

**сечение – қима//қию**

**секушая – қиған**

**пересечение – қиылыс//қиылысу** т.б. түрінде бірыңғай алынады. Осы ізбен:

**высота – биіктік; «ен», «бой» емес,**

**величина положительная – жөн шама; «оң» емес,**

**величина отрицательная – теріс шама,**

**число – количество – екеуі де: «сан»** деп алынады.

10. Математика ғылымының ең негізгі ұғымдары болып табылатын: «отношение», «относительная» «зависимость» сөздері әзірге былайша жобаланды:

**отношение – қатынас; «байланыс» емес**

**соотношение – қатынастастық,**

**относительная – салыстырма,**

**зависимость – іліктестік, тәуелділік.** Осылай деп жоба түрінде алып отырмыз, бірақ, әлі де ойланыңқырап, бұдан да гөрі лайықтырақ балама сөз табылса, өзгертуіміз де мүмкін.

11. Бір буын ішінде қайталанып келетін екі дауыссыз дыбыстың соңғысы қазақша тексте түсіріліп жазылады: **клас – «класс»** емес; бірақ, қайталанатын екі дауыссыз екі буынға айырылып кететін болса, екеуі де жазуда сақталады: **касса – «каса»** емес.

12. Математикалық өрнегі, яки бейнесі (образы) халықаралық термин ретінде қабылданған: **синус, косинус, тангенс, котангенс** т. б. сөздердің ықшамдалған формулалары өзгертілмей, сол латынша таңбалануы бойынша жазылады. Мысалы, **sin, cos, tg, cotg, sec, cosec** т. т.

13. Халықаралық термин атауларының бас жағынан үстемеленіп, негізгі мағынаны терістейтін, немесе жаңа мағына телитін **би-, анти-, арк-, суб-** тәрізді қосымшалармен тұтастықта қолданылатын: **биквадрат, бином, антилогарифм, арктангенс, субнормал** т. б. сөздер сол қалыптасқан тұлғада алынды; оларға үстеуіш болып тұрған «**би**» – екеу, «**анти**» – қарсы, «**арк**» – кері мағыналы, «**суб**» – төменгі не сыртқы қабаттағы дегендей түсінік беріп жатпай-ақ, күрделі терминдер кіріккен сөздер қатарында берілді. Тіпті осы берілістің негізінде орыс тіліндегі



«подкасательная» термин – сөзін «**субжанама**» деп аударып алдық. Өйткені орыстарда «**поднормал**» деген сөзбен жарыса «**субнормал**» дейтін халықаралық термин де алма-кезек қолданыла береді. Осы екі түрлі сөз жұмсаудың бізге қолайлырағы – «**субнормал**» болды. Сөйтіп біз жоғарыдағы «**субжанама**» деген термин-сөздің де орайсыздығы болмас деп ұйғардық. Бұлай деп алмаған күнде **субнормал** дегеннің мағынасын екі сөзбен: **нормал іргесі, жанама іргесі** деп, немесе басқаша түрде икемдеп алуға тура келер еді. Бірақ бір ұғымды олайша екі сөзбен айтып, жазуды біз лайықсыз деп білдік.

14. Қазақ тілінде әр түрлі айтылып, жазылып жүргені «**образ**» – **бейне, кескін** т.б.; «**ось**» – **сабақ, шүлдік, өзек** т. б. Кейбір шет сөздер термин мағынасында қазақ тіліне енгізілді. Ескерте кетейік, бұның бәрі әзірге жоба ретіндегі ұсыныстар. Сондықтан бұған көпшілік өз пікірін айтады деп күтуліміз<sup>2</sup>.

---

<sup>2</sup> Мемлекеттік термин комиссиясының Бюллетені, № 2, 15 мамыр, 1935. Бірінші бөлімнің 3-ші, 4-ші беттері. Мақаланы латыншадан транслитерациялап, баспаға әзірлегендер Е. Жұбанов пен М. Мирон.

